10.07.2019-ғы № 03-18/2507 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«AiS-OiL» ЖК-ге

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 20.06.2019 жылғы №47417 хатыңызға төмендегіні хабарлайды.

«Түркістан облысы полиция департаменті Сарыағаш ауданының полиция бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен №3362677-1 *«Бензин Ау-92 талон түрінде»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* Қағиданың 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Конкурстық құжаттамаға 7 қосымшасының біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулеріне сәйкес, егер тауарды жеткізу тәжірибесінің болуы осы конкурста біліктілік талап болып табылмаған жағдайда, растау құжаттарының электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

Сатып алынатын тауарлар нарығында тауарлар мен шот-фактураларды қабылдап алу актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі бар болса, жүкқұжаттар мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылуы мүмкін.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында Ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесі үшін **«Sinooil» ЖШС-не** 10% (*10 жыл*), **«Гелиос» ЖШС-гі Шымкент филиалына** 7% (*7 жыл*), **«TS**

10.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

ОҢТҮСТІК МҰНАЙ САУДА» ЖШС-не 4% (*4 жыл*), **«AiS-OiL» ЖК-не** 1% (*1 жыл*) шартты жеңілдіктер есептелгені анықталды.

Алайда, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін зерделеу барысында, сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесі үшін **«Sinooil» ЖШС-не** 5% (*10 жыл*), **«Гелиос» ЖШС-гі Шымкент филиалына** 4% (8 *жыл*), **«TS ОҢТҮСТІК МҰНАЙ САУДА» ЖШС-не** 1,5% (*3 жыл*), **«AiS-OiL» ЖК-не** 0% шартты жеңілдіктер есептелуі тиіс екендігі анықталды.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелер ішінара өз дәлел тауып, конкурсты Ұйымдастырушыға «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама» жолданды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **А.Омаров**

Орын.: Қ.Мыңбаев
Тел.: 8 7252 35-06-06

Результаты согласования
10.07.2019 17:55:21: 1 (Камералдық бақылау бөлімі) - - согласовано без замечаний

10.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)